

**«ИНКЛЮЗИВТІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ АСПЕКТІЛЕРІ:  
САБАҚТАСТЫҚ ПЕН МҮМКІНДІКТЕР»  
республикалық ғылыми-практикалық конференцияны өткізу туралы  
АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

**Құрметті әріптестер!**

2024 жылғы 15-17 мамырда Астана қаласында өтетін **«Инклюзивті және арнайы білім беру аспектілері: сабақтастық пен мүмкіндіктер»** тақырыбында Астана қаласы әкімдігінің №2 педагогикалық-психологиялық түзету кабинетінің ашылғанына 10 жыл толуына орай ұйымдастырылатын республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырамыз.

**Конференция мақсаты** – білім беру ұйымдарының педагогтері арасында арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы үздік тәжірибелермен алмасу; білім беру ұйымдары мен мамандар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, жаңа идеялар мен жобаларды дамыту.

Конференцияға инклюзивті және арнайы білім беруге жетекшілік ететін Білім басқармаларының мамандары мен Әдістемелік орталық (кабинет) әдіскерлері, мектепке дейінгі, орта және арнайы білім беру ұйымдары басшылары мен педагогтері қатыса алады.

Сонымен қатар, конференция қатысушыларының арнайы және инклюзивті білім беруге байланысты баяндамалары мен мақалалары, зерттеу жұмыстары республикалық ғылыми-практикалық конференцияның мақалалар жинағында жарияланады.

**Конференция ұйымдастырушысы:** Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.

Конференцияның пленарлық бөліміне келісім бойынша Оқу-ағарту министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті мамандары, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының инклюзивті білім беру орталығы мамандары, Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы және Балаларды ерте дамыту институты өкілдері қатысады деп күтілуде.

**Пленарлық бөлімнің өтетін күні және уақыты:** 2024 жылғы 15 мамыр, сағат 10.00 (Өтетін орны қосымша хабарланады).

**Практикалық бөлімі:**

2024 жылғы 16 мамыр – №2 арнайы мектеп (Ә. Жангельдин көшесі, 9);

№1 ППТК (Мәңгілік Ел. 22/1);  
2024 жылғы 17 мамыр – М. Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы  
(Бердібек Соқпақбаев көшесі, 18/4).

**Басталуы:** сағ. 10.00.

**Өткізу форматы:** офлайн

**Конференцияға екі форматта қатысуға болады:**

**Тікелей:**

- конференцияның спикері ретінде. Шебер-сынып көрсету арқылы өз іс-тәжірибесімен бөлісу (7-10 минутқа дейін);
- тыңдаушы ретінде.

**Сырттай:**

- «Инклюзивті және арнайы білім беру аспектілері: сабақтастық пен мүмкіндіктер» жинағында баяндама жариялау.

**Өткізу тілі:** қазақ, орыс.

**Конференцияның ашылуы:** 2024 жылғы 15 мамыр күні сағат 10.00-де.

**Тіркеу:** 9.00-да

Онлайн тыңдау үшін сілтеме қосымша жіберіледі.

Конференцияға тікелей қатысу үшін 2024 ж. **3 мамырға дейін** (қоса алғанда) [tsmo23@mail.ru](mailto:tsmo23@mail.ru) электрондық поштасына (№1 қосымшаға сәйкес) өтінім және шебер-сынып материалдарын жіберу қажет. Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген материалдар қабылданбайды.

Конференцияға сырттай қатысып жинаққа мақала жариялау үшін ұйымдастыру комитетіне **2024 жылғы 10 мамырға дейін** (қоса алғанда) келесі құжаттарды ұсыну қажет (мақала жариялау ақылы, құны 2000 тг.):

- конференцияға қатысуға жеке өтініші (№1 қосымша);
- талаптарға сәйкес жасалған мақаланың мәтіні (№2 қосымша);
- төлем чегінің көшірмесі. Төлем қатысушының атынан төленуі керек.

Барлық қажетті материалдар [tsmo23@mail.ru](mailto:tsmo23@mail.ru) электронды поштасына қатысушы өз поштасынан бір файлда жіберуі керек: «ТегіӨтініш» және «ТегіМақала» файл атауларымен мәтіндік форматтағы өтініш пен мақала.

Ұйымдастыру комитеті материалдарды алғаннан кейін 3 жұмыс күн ішінде автордың электрондық адресіне олардың түскенін растайтын хат жібереді.

Растама алмаған қатысушылар материалдардың көшірмесін жасауы керек немесе Ұйымдастыру комитетіне хабарласуы керек.

Талапқа сай толтырылмаған және уақытынан кешіктірілген, сондай-ақ, көшірілген жұмыстар конференцияға қатыстырылмайды.

Материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында конференция өткізілген күннен кейін күнтізбелік 10-15 күн ішінде қатысушыларға жіберіледі. Қатысушыларға қатысу сертификаты (электронды) беріледі. Спикерлер алғыс хатпен марапатталады.

Жинаққа UDC, LBC және халықаралық стандартты кітап нөміріне (ISBN) сәйкес кітапхана индекстері беріледі. Конференция материалдары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.kz> сайтында жарияланады.

**Ұйымдастыру комитетінің құрамы:**

- Байтасов Дидар Дулатұлы, ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Әдістемелік орталығы басшысының орынбасары;
- Касымканова Салтанат Есенғалиевна, Астана қаласы Әдістемелік орталығы, бөлім басшысы. Ұялы тел.: +77782748324;
- Марат Маншук Маратқызы, Астана қаласы Әдістемелік орталығы әдіскері. Ұялы тел.: +77022653077;
- Каримова Айжан Қуанышбековна, Астана қаласы Әдістемелік орталығы әдіскері. Ұялы тел.: +77011215182.

Қосымша сұрақтар бойынша ұйымдастыру комитетіне немесе электрондық пошта ([tsmo23@mail.ru](mailto:tsmo23@mail.ru)) арқылы хабарласуға болады:

Баяндаманы жинақта жариялау ақылы (құны **2.000** теңгені құрайды). Төлемдерді кез-келген банк бөлімшелерінде, Қазпочтада жүзеге асыруға, сонымен қатар, «Kaspi.kz» қосымшасы арқылы төлем жасауға болады.

Төлем міндетті түрде конференцияға қатысушының атынан жүргізілуі тиіс және банктің комиссиясы жіберушінің есебінен жүзеге асырылады.

**Тіркелу жарнасының деректемелері:**

**Мекеме атауы:** Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

**Мекен-жайы:** Қазақстан, Астана, Қабанбай Батыр, 33.

**БИН (ИИН):** 070540006188

**Банк:** АО «Kaspi Bank»

**КБе:** 16

**БИК:** CASPKZKA

**Шот нөмірі:** KZ42722S000006089425

**«ИНКЛЮЗИВТІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ АСПЕКТІЛЕРІ:  
САБАҚТАСТЫҚ ПЕН МҮМКІНДІКТЕР»  
республикалық ғылыми-практикалық конференцияға  
қатысуға өтінім**

<b>№</b>	<b>Т.А.Ә лауазым</b>	<b>Облыс, қала/аудан білім беру ұйымының атауы</b>	<b>Қатысу түрі (тікелей / сырттай)</b>	<b>Баяндаманың тақырыбы</b>	<b>Байланыс тел. (whatsApp)</b>	<b>Эл .почта</b>

**«ИНКЛЮЗИВТІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ АСПЕКТИЛЕРІ:  
САБАҚТАСТЫҚ ПЕН МҮМКІНДІКТЕР»  
республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар  
жинағын жариялау**

**Мақала жазуға қойылатын талаптар:**

- жаңашылдық және өзіндік ерекшелігі (жаңа идея, технология, әдіс-тәсіл немесе біреудің авторлық идеясын кеңейтудің, апробациядан өткізудің, оның әдісі мен технологиясы тиімділігінің дәлеліндегі жаңа нұсқа ұсынылады);

- өзектілік (нәтижелердің маңызды ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге жарамды болу мүмкіндігі);

- тәжірибелік (мақалада тәжірибелік іс-әрекетті көрсету, мақалада тәжірибе алмасу тәсілдерінің болуы);

- әдіскерлік (мақаладағы ұсыныстардың санымен және пайдалылығымен анықталады);

- дәлелдемелік (дәйексөздердің сенімділігімен, тұжырымдардың дәлелділігімен, статистикалық нәтижелердің болуымен және оларды интерпретациялаудың дәйектілігімен анықталады).

**Материалдарды баспаға ресімдеуге қойылатын талаптар:**

- Баяндама (мақала) мәтіні 3 парақтан аспауы керек және тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек:

- Парақтардың параметрлері: жоғары – 2 см., төменгі -2 см., сол жағы- 2,5 см., оң жағы-1,5 см.

- Шрифт: Times New Roman, кегл – 14

- Жол аралық : 1 интервалмен

- Жаңа жол: 0,9 см.

- Бір жолдан кейін-ортасынан баяндама тақырыбы (бас әріптермен, қою шрифтпен) жазылып, төменгі жағына орындаушының аты-жөні бас әріптермен, мекеменің атауымен қоса беріледі. Библиографиялық тізім мақаланың соңында алфавиттік ретпен беріледі.

## МАҚАЛА МАТЕРИАЛДАРЫН РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

**Ахметова К.К.**, педагогика ғылымдарының кандидаты,

Еуразия гуманитарлық институты, Астана

[Akhmetova\\_k@gmail.com](mailto:Akhmetova_k@gmail.com)

### **ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНІ САУ ҰРПАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШАРТЫ РЕТІНДЕГІ ЖОО БІЛІМ БЕРУДЕГІ КЕҢІСТІГІ**

Бұл мақалада студенттердің әлеуметтік-психологиялық денсаулығын қалыптастыру сайысында білім кеңістігін қалыптастыру проблемалары келтірілген. Осы мақаланың мазмұны осы мәселелерді шешуде тәжірибе болып табылады.

*Түйінді сөздер:* білім беру кеңістігі; дені сау ұрпақтың әлеуметтік-психологиялық денсаулығы; кәсіби өзара әрекеттесу ортасы.

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін [3, б.123]. Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін [2]. 1-суреттегі мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін. Мәтін мәтін мәтін мәтін 1-кестеде.

#### **Библиографиялық тізім:**

1. Библер В.С. От наукоучения – к логике культуры. М.: Академия, 2000. 216 б.
2. Мещеряков Б.Г. Психологические проблемы антропологизации образования // Вопросы психологии. 2002. № 12. С. 21-30.
3. Шеламова Г.М. Этикет делового общения. 5-басылым., Мәскеу; Академия, 2010. 234